


Астана қаласының мәдени мұрасы
Культурное наследие города Астаны

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ / РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ




№3 (14) / 2015
наурыз/ март

ЖАҚСЫЛЫҚТАР ЖУЫНТЫҒЫ ӨЗ-НАУРЫЗ!



Маңғыстау облысы





Мен қазақпын.

*Сондықтан да өзге қандастарым секілді менің де
кіндік қаным тамып, тұсау жібім кесілген жер бар.*

Ол ата-мекенім – Маңғыстауым.

*Дүниеде өзің барын ойласам, іргелі елім бары есіме
түсіп, өзімнен-өзім масаттанамын.*

Ә.Кекілбаев

Құрылтайшы:

Ү.Д.Мұңалбаева

Халықаралық Мұражайлар Одағының
Ұлттық Комитеті
ИКОМ Қазақстан Президенті

Редакция алқасы:

Б.Б.Мажағұлов

Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы

Ә.Ү.Тарази

Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Ә.К.Кекілбаев

Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Н.Т.Айт

С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану
мұражайының директоры

А.Р.Умиршина

Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры

Б.Ф.Аяған

Астана қаласы тарих институтының директоры

А.Ш.Нұразхан

Алтын және бағалы металдары мемлекеттік
мұражайының директоры

Ә.Е.Өтегенова

ЮНЕСКО және ИСЕКО істері жөніндегі бас-хатшысы

Б.К.Оразымбетова

ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның
ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Д.Е. Маханова

Халықаралық Мұражайлар Одағы ИКОМ
Қазақстан Ұлттық Комитетінің жетекшісі

Бас редактор: Әсем Сағиқызы

Бас редактордың орынбасары:

Гүлжәмила Сәрсенбайқызы

Тілшілер: Татьяна Казанцева, Жәмила

Сәрсенбай, Диляра Сейдахметова, Азамат

Тлепов, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан

Есен, Әсем Сағидолла

Дизайнер: Ертай Өсерхан

Фотограф: Ерсайын Болат

Корректорлар: Баян Жақсылықова, Айымхан

Зұлпыхарова, Нұрай Ерланқызы

Выходные данные журнала:

Республиканский научно-познавательный журнал
«Астана қаласының мәдени мұрасы»
«Культурное наследие города Астаны»

Выпуск № 3 (14) /2015 г.

Издается с марта 2014 года

Периодичность: один раз в месяц

Журнал выпускается при содействии Министерства
культуры и спорта РК, Управления культуры акимата
города Астаны.

Учредитель и издатель

ГККП «Этно-мемориальный комплекс
«Карта Казахстана «Атамекен»

Почтовый адрес редакции:

010000, Астана,
Кургальджинское шоссе, 2/1
тел.: +7 (7172) 24-31-72
e-mail: madeni_mura_jurnal@mail.ru

Формат 18,5x28,7

Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м²
Обложка формата А4 плотность 250 г/м²

Заказ №14

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и
спорта Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство

№ 14225-Ж от 4 марта 2014 г.

- Мнение авторов материалов может не совпадать с
позицией редакции;
- За точность публикуемых сведений и цитат
ответственность несут авторы материалов;
- Редакция оставляет за собой право
редактировать материалы;
- Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи;

Журнал отпечатан в собственной типографии

Тираж: 1000 экз.

Құрметті оқырман қауым!

Басқа мерекелерден өзгере, қуанышы мен жақсылығын қоса әкелер Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз тойының қазақ үшін орны бөлек. Таңғажайып көктем мерекесі саналар бұл уақыт жер-дүниенің жаңаратын тұсы. Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласын жайнатып, әнші құстарды сайратқан Наурыз тойы табиғатымызды осылайша қайтадан бір түлетті.

Халқымыздың мәдениетін насихаттауда біздің журналымыздың тигізіп жүрген біршама үлесі бар еді. Осы мақсатта басылым республикамыздың әрбір өңірлеріне іс-сапарға шығуды жоспарлап қойған болатын. Алғашқы қадам еліміздің батыс өңірінен бастауды жөн көріп, өнердің киесі қонған Маңғыстау жеріне бағытталды.

Осылайша іс-сапарды місе тұтқан біздер Маңғыстау облысына жол тарттық. Қазақтың текті ұрпақтарының өнерін тамашаладық, тамсандық, қол соқтық. Талай от пен суға түссе де, қайсарлығынан танбаған Маңғыстаулықтардың бүгінгі қазақ мәдениетінің дамуына зор үлес қосқандарының куәсі болдық. Жүрегі жырдан жаратылған қазақ деген халықтың өз мәдениетін, салты мен дәстүрін, дінін білетіндердің қатарында екендіктеріне сүйсіндік...

Маңғыстаудың бүгінгі келбеті мен мәдениеті жайында журналымызда барынша ақпарат беруге тырыстық.

Наурыз күнгі ақ тілек қабыл болсын деген ниетте шынайы көңілімізбен бақыт-береке, ашық аспан, игілік және алдағы жұмыстарда тек шығармашылық табыс тілеймін! Ақ көңіл мейірімділік пен махаббат сезімдерге толы болсын!

Құрметпен,
Әсем Сағиқызы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан әйелдері – мемлекет мақтанышы.....	6
Наурыз – нұрлы жол.....	9
Қазақ идеясының тұлпары.....	14
Маңғыстау облысы. Қасиетті мекен Отпантау.....	16
Киелі өңір – сиқырлы мәдениет	20
Удивительный регион.....	25
Мечеть – Бекет ата	29
«Қойлымдағы бір түйір сөз спектаклдің шепуші құралы»	33
«Тарихта қалатынымыз анық»	36
«Шекспирдің Гамлетін сомдағым келеді»	38
Уникальная актриса	39
«Жүрегіме жақын рөлдер талантымның төресі».....	40
Жемчужина Казахстана – Каспийское море	41
«Мақсатымыз – Қазақстандағы мәңгі өлмейтін қуыршақ өнерін өзгелерге көрсету».....	43
Шопан ата	50
Бес жұлдызды ұжымның талантты талғамдары	52
«Өнер – ата-анамнан дарыған асыл дүние».....	55
Жалпыға ортақ 20 ізгі іс	57
Құттықтаулар! Поздравления!.....	62
Наурыз в Атамекене	64
Қарақаралы мемлекеттік ұлттық табиғат бағы	66
Палитра Казахстанских талантов	68
Принесли дар музею	71
Под музыку Вивальди	74
Мұхаммед Хайдар Дулатидің ескерткіші	76
Экскурсовод как профи	78
Дорога домой	80
Весна страны восходящего солнца	84
27 наурыз – Халықаралық театр күні.....	86
Новости культуры	88
Спорт	92

ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ – МЕМЛЕКЕТ МАҚАНЫШЫ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтау үшін республикамыздың барлық өңірлерінен келген, экономиканың түрлі секторларында, мәдени-әлеуметтік салаларда және мемлекеттік қызмет жасайтын нәзік жандылармен кездесті.

– Тәуелсіздік жылдарында біз көп нәрсені еңсердік. Қазір елімізде береке мен тыныштық орнады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» және басқа барлық бағдарламалар осыны көздейді. Әйелдер, отбасын сақтаушы ретінде бақ-берекені ең алдымен балаларынан, дастарқанынан сезінеді, сол арқылы мемлекеттің қамқорлығын сезінеді», – деді мемлекет басшысы.

Ол сондай-ақ, қоғамда әйелдер қауымы өкілдерінің белсенділігі артып келе жатқанына да тоқталып өтті. Мемлекеттік қызметтерде басым бөлігі әйелдерді құраса, денсаулық сақтау саласында олардың үлесі 75 пайызға, білім беру саласында 65 пайызға дейін артып отыр. Бизнестегі басшылардың да 40

пайызы нәзік жанды арулар болып саналады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы экономиканың қарқынды дамып келе жатқандығын айта келе:

– Бүгінде жер бетінде, БҰҰ мәліметі бойынша, 800 миллион адам аштықтан жапа шегуде. Жыл сайын азық тапшылығының кесірінен 6 миллион бала, 30 миллион ересек адам өледі. 400 миллион адам ауыз суға зәрулік зардабын тартады. Жыл сайын планетамызда 30 әскери қақтығыс болып, соның салдарынан сағат сайын 40 адам қаза табады. Сондықтан, елдің ішкі тұрақтылығын көздің қарашығындай қорғауға тиіспіз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кездесуге Мемлекеттік хатшы, Президенті

жанындағы әйелдері ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның төрайымы Г.Әбдіқалықова, Парламент Мәжілісінің депутаты Г.Қарағұсова, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т.Дүйсенова, Парламент Мәжілісінің депутаты И.Аронова, Семей қаласының инновациялық гуманитарлық-заң университетінің ректоры Ш.Құрманбаева және т.б. қатысты.

Соңында Мемлекет басшысы көп балалы аналарды – М.Аксиеваны Алтын алқамен және А.Жұмабаеваны Күміс алқамен марапаттады.

Сезім ЖҮСПҚЫЗЫ

КАЗАХСТАНСКИЕ ЖЕНЩИНЫ – НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ

Президент Казахстана поздравил прекрасную половину страны с 8 Марта.

Глава государства Нурсултан Назарбаев накануне прекрасного весеннего праздника – Международного женского дня – 8 Марта посетил праздничный концерт в Центральном концертном зале «Казахстан», где встретился с прекрасной половиной Казахстана.

– Обращаюсь к женщинам, сидящим в этом зале, и через вас ко всей прекрасной половине казахстанцев. Вы, говорю без всякого преувеличения, – наше национальное достояние, – сказал Нурсултан Назарбаев.

При этом Глава государства сделал акцент на том, что «наши женщины всегда надежно хранили семейные ценности и отношения».

Продолжая свое праздничное выступление, Президент страны добавил, что женщины составляют более половины населения республики и вносят свой

посильный вклад в развитие государства.

Также Нурсултан Назарбаев не преминул отметить, что женщина по своей природе всегда ищет прочную основу и, найдя ее, не останавливается в движении к совершенству.

– Казахские женщины успешно реализуют себя в профессиональной деятельности и в то же время остаются хранительницами домашнего очага. Женщины – основа благополучия каждой семьи – это аксиома. Крепкая семья – крепкое государство. И мы должны этому уделить серьезное внимание, – сделал акцент Нурсултан Назарбаев.

Наряду с этим в своем поздравлении Глава государства обратил внимание на тот факт, что в современном мире стремительно растет разрыв между ролями, которые играет женщина в обществе.

– На одном полюсе страны, где они наглухо заперты в рамках дома и семьи, там, по сути, они бесправны, отрезаны от жизни стеной запретов и ограничений. На другом полюсе – в основном, в западной части мира – государства, в которых женщины, напротив, эмансипировались настолько сильно, что быстрее отделяются от семьи. Думают о своем карьерном росте и теряют интерес к детям и продолжению рода. Демографические проблемы, наверное, не без этого, создаются во всех уголках планеты, – констатировал Президент Казахстана.

Помимо этого, Нурсултан Назарбаев заметил, что положение Казахстана в сравнении с этими полюсами – настоящая золотая середина.

– Наши женщины блистательно реализуют себя в работе, творчестве, спорте, науке. И в то же время они остаются хранительницами домашнего очага, – сказал Глава государства.

Далее Нурсултан Назарбаев напомнил, что в стране ежегодно рождается 400 тысяч маленьких казахстанцев.

– Я понимаю, насколько это нелегко. Государство, как вы знаете, старается вам помогать, берет на себя часть нагрузки. Поэтому мы развернули программу для малышей «Балапан», поэтому государство оказывает помощь многодетным и при рождении ребенка. Такую поддержку государство будет продолжать, – заверил Нурсултан Назарбаев.

Татьяна КОРОЛЕВА

Women of Kazakhstan - national property

The president of Kazakhstan congratulated a fine half of the country with March 8

The head of state Nursultan Nazarbayev on the eve of a fine spring holiday – the International Women's Day attended on March 8 a gala concert in the Central concert hall «Kazakhstan» and congratulated them on a holiday.

– I address to the women sitting in this hall and through you to all fine half of Kazakhstan citizens. You, I speak without any exaggeration, – our national property, – Nursultan Nazarbayev told.

Thus the Head of state placed emphasis that «our women always reliably stored family values and the relations».

Continuing the festive performance, the President of the country added that women make more than a half of the population of the republic and make the feasible contribution to development of the state.

Also Nursultan Nazarbayev didn't fail to note that the woman by the nature always looks for a strong basis and, having found it, doesn't stop in the movement to perfection.

– The Kazakhstan women successfully realize themselves in professional activity and at the same time remain keepers of a home. Women - the basis of wellbeing of each family is an axiom.

A strong family - the strong state. And we have to pay it a close attention, - Nursultan Nazarbayev placed emphasis.

Along with it in the congratulation the Head of state paid attention to that fact that the gap between roles which are played by the woman in society promptly grows in the modern world.

– On one pole of the country where they are tightly locked within the house and a family, there, in fact, they are deprived of civil rights, cut off from life by a wall of a ban and restrictions. On other pole - generally in the western part of the world - the states in which women, on the contrary, got emancipated so strongly that separate from a family quicker. Think of the career development and lose interest in children and a reproduction. Demographic problems, probably, not without it, are created in all corners of the planet, – the President of Kazakhstan stated.

In addition Nursultan

Nazarbayev noticed that position of Kazakhstan in comparison with these poles – the real golden mean.

– Our women brilliantly realize themselves in work, creativity, sport, science. And at the same time they remain keepers of a home, - the Head of state told.

Further Nursultan Nazarbayev reminded that in the country 400 thousand little Kazakhstan citizens are born annually.

– I understand as far as it is hard. The state as you know, tries to help you, assumes part of loading. Therefore we developed the program for kids – «Balapan», therefore the state gives help for that families that have many children and at the child's birth. The state will continue such support, – Nursultan Nazarbayev assured.

Daniyar KAKIMOV



НАУРЫЗ – НҰРЛЫ ЖОЛ



«Сарыарқа» велотрегінде елорда тұрғындары мен қонақтары Наурыз мейрамына арналған мерекелік шараға жиналды. Аталмыш іс-шараға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысып, барша жиылған қауымды және қазақстандықтарды Наурыз мерекесімен құттықтады.

– Бүгін Қазақстанның барлық түкпірінде Наурыз мерекесін өткізіп жатқан барлық ағайынға сәлемімді жолдап, аманшылық пен жақсылық тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деп барлық қазақ болып, Қазақстан болып тілейтін болсақ, алдымызға қойған мақсаттар, өздеріңіз білесіздер,

бағдарламаларымыз, халықтың болашағына жұмсалатын күш-қуат орындалып, еліміз берекелі болады. Құтты болсын Наурыз баршаларыңызға!»

Көктемгі жаңару мерекесі саналар Наурызды халқымыз бағзы заманнан бері тойлап келеді. Күн мен түннің теңелуі, жер жаһанның жаңаруы да осы кезден бастау алады.

Мерекелік концертте эстрада жұлдыздары мен би ұжымдары өнер көрсетіп, мерекелік этноауылда тігілген ұлттық киіз үйлерде елордалық этномәдени бірлестіктер ұлттық билері мен әндерін орындап, қонақтарға тамаша көңіл-күй сыйлады.

Қызғалдақ ҚЫДЫРБЕК

НАУРЫЗ – ВЕСНА, МИР, ДРУЖБА И СОГЛАСИЕ

Казахстанцы отпраздновали самый любимый в народе праздник Наурыз.

В этот прекрасный мартовский день весеннего равноденствия, который жители Казахстана ждали с таким нетерпением, по всей стране в этноаулах за дастарханами в юртах встречали гостей праздника.

В Астане главный этноаул раскинулся на площади возле Республиканского велотрека «Сарыарка».

Его посетил Глава государства Нурсултан Назарбаев, чтобы

разделить радость праздника со всеми казахстанцами и поздравить с Наурызом представителей всех этнокультурных объединений многонациональной республики.

– Поздравляю всех с праздником Наурыз! Во многих государствах мира с этого дня исчисляется новый год. После суровой зимы, когда из-за бездорожья люди не общались, в этот день люди встречались, спрашивали о здоровье, радовались, что увидели всех живыми, здоровыми и желали друг другу большого счастья. Готовили Наурыз коже из 9 питательных вещей, которые приносят человеку счастье и благополучие, – напомнил предысторию этого замечательного весеннего праздника Нурсултан Назарбаев.

К этому Глава государства добавил, что «во всех регионах Казахстана празднуют

Наурыз. С радостью, вместе. С первыми солнечными лучами пробуждается вся природа, весь животный, растительный мир».

– Естественно, человек тоже радуется, поэтому в этот весенний день, в праздник Наурыз, я всем казахстанцам желаю крепкого здоровья, единства, благополучия. С праздником! – поздравил Президент Казахстана.

Затем Нурсултан Назарбаев посетил праздничное мероприятие «Наурыз – Нұрлы жол», на котором было устроено музыкально-театрализованное представление и концерт.

На нем прекрасное настроение гостям создавали своим талантом популярные казахстанские артисты и лучшие творческие коллективы страны.

Глава государства в своем выступлении обратил внимание гостей праздника на то, что за годы независимости Казахстан стал сильным государством, которым сегодня гордится каждый ее гражданин.

– Мы вместе сделали нашу страну известной всему миру. Несмотря на трудности, наш народ всегда оставался сплоченным и уверенно двигался вперед. И сейчас, когда в мире наблюдаются кризисные проявления, Казахстан имеет достаточно ресурсов, чтобы

преодолеть их, – сказал Нурсултан Назарбаев.

Далее Президент РК напомнил, что «наша страна разработала и реализует планы своего дальнейшего развития, включая Стратегию «Казахстан-2050», программу «Нурлы жол», строительство новых социальных и инфраструктурных объектов».

– Для всего этого необходимо единство народа, уважение и доверие друг к другу, стабильность в стране. Если мы продолжим непоколебимо следовать выбранному нами пути, будущее Казахстана станет еще лучше, – сделал акцент Глава государства.

– Вы знаете программы, которые я предложил. Программа «Нурлы жол» – это наш ответ трудностям. Вместе с этим мы реализуем инфраструктурные проекты. Это затрагивает все регионы Казахстана. Автомобильные и железные дороги, новые аэропорты, новое жилье. Только за четыре года 30 миллионов квадратных метров построено. Новые детские сады, новые больницы, реконструкция ЖКХ, – сказал Президент страны.

При этом Глава государства особо подчеркнул, что «все, что делается, – для простого человека, для народа, чтобы он имел работу, крышу над головой. Чтобы дети

хорошо учились, чтобы нас хорошо лечили, все это – забота государства».

– И будущее наше, выполняя эти программы, будет еще лучше, еще прекраснее. Для этого нужно наше единство, стабильность в стране, уважение друг к другу, доверие и любовь всех казахстанцев друг к другу. Этот праздник именно такой, когда прощается все, что до этого было неважного в отношениях. Люди забывают плохое, стремятся к будущему, желают друг другу добра и счастья. И я вам желаю благополучия, каждой семье хорошего праздника, хорошего будущего нашему народу. С праздником! – поздравил Нурсултан Назарбаев.

– Наша страна – Казахстан, который мы вместе с вами построили за эти годы, стал крепким, сильным государством и каждый казахстанец им гордится. Мы его вместе построили, мы продолжаем его строить, делая известным, могучим, сильным государством, которое служит нашему народу. Мы прошли разные виды кризисов. И сейчас, когда в мире неспокойно, идет кризис, снижаются цены на наши товары, мы имеем трудности, но Казахстан настолько сильный, что оних преодолевает, – резюмировал Нурсултан Назарбаев.

В этноауле Президент страны пообщался с жителями города, а также попробовал наурыз-коже.

Праздник удался, подарив всем, кто пришел на него, прекрасное настроение!

Татьяна КОРОЛЕВА

NAURYZ – SPRING, THE WORLD, FRIENDSHIP AND CONSENT

Kazakhstan citizens celebrated the most favourite in the people holiday the Nauryz.

This fine March day of a spring equinox for which residents of Kazakhstan waited with such impatience, over all country in the ethnoauls for dastarkhan in yurtas welcomed guests of a holiday.

In Astana main ethnoaul was stretched on the square near the Republican bicycle track «Saryarka».

He was visited by the Head of state Nursultan Nazarbayev to share pleasure of a holiday with all Kazakhstan citizens and to congratulate on the Nauryz of representatives of all ethnocultural associations of the multinational republic.

– I congratulate all on a holiday the Nauryz! In many states of the world from this day new year is estimated. After severe winter when because of off road terrain people didn't communicate, this day people met, asked about health, rejoiced that saw all live, healthy and wished each other great happiness. Prepared the Nauryz for skin from 9 nutritious things which bring to the person happiness and wellbeing, – Nursultan Nazarbayev reminded background of this remarkable spring holiday.

The Head of state added to it that «in all regions of Kazakhstan celebrate the Nauryz. With pleasure, together. With the first sunshine all nature, all animal, flora wakens».

– Naturally, the person too rejoices therefore this spring day, on a holiday the Nauryz, I wish to all Kazakhstan citizens a good health, unity, wellbeing. Congratulations! – the President of Kazakhstan congratulated.

Then Nursultan Nazarbayev visited festive action «A Nauryz –

Nyrly zhol» on which the musical dramatized representation and a concert was arranged.

On it great mood to guests was created by the talented popular Kazakhstan actors and the best creative collectives of the country.

The head of state in the performance paid attention of guests of a holiday that for years of independence Kazakhstan became the strong state of which each her citizen is proud today.

– We together made our country world renowned. Despite difficulties, our people always remained solid and surely move forward. And now, when in the world crisis manifestations are observed, Kazakhstan has enough resources to overcome them, – Nursultan Nazarbayev told.

Further the President of Kazakhstan reminded that «our country developed and realizes plans of the further development, including Strategy «Kazakhstan-2050», the program «Nyrly zhol», building of new social and infrastructure objects».

– All this requires unity of the people, respect and trust to each other, stability in the country. If we continue to follow unshakably the way chosen by us, the future of Kazakhstan will become even better, – the Head of state placed emphasis.

– You know programs which I offered. The program «Nyrly zhol» is our answer to difficulties. Together with it we realize infrastructure projects. It affects all regions of Kazakhstan. Automobile and railroads, new airports, new housing. Only in four years of 30 million square meters it is constructed.

New kindergartens, new hospitals, reconstruction of housing and communal services, – the President of the country told.

Thus the Head of state highlighted that «everything that becomes, – for the simple person, for the people that it had work, a roof over the head. That children studied well that well treated us, all this is care of the state».

– And our future, carrying out these programs, it will be even better, even finer. For this purpose our unity, stability in the country, mutual respect, trust and love of all Kazakhstan citizens to each other is necessary. This holiday such when everything forgives that was unimportant in the relations before. People forget bad, aspire to the future, wish well each other and happiness. And I wish you wellbeing, each family, a good holiday, the good future to our people. Congratulations! – Nursultan Nazarbayev congratulated.

– Our country – Kazakhstan which we together with you constructed for these years, became the hard, strong state and each Kazakhstan citizen is proud of it. We together constructed it, we continue it to build, doing by the known, mighty, strong state which serves our people. We passed different types of crises. And now, when in the world it is restless, there is a crisis, the prices of our goods fall, we have difficulties, but Kazakhstan so strong that it overcomes them, – Nursultan Nazarbayev summarized.

In the ethnoaul the President of the country communicated to residents, and also tried a Nauryz kozhe.

The holiday was successful, having presented a great mood to all who came to it!

Daniyar KAKIMOV

*Сен бізге құт болып кел, бақ болып кел,
Адалға ақиқатқа жақ болып кел.
Жамандық, қасіреттен ауылы алыс,
Жыл бошы бетегіне шаттық ерер.*

Нұрперзент Домбай

ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛПАРЫ

(Ілияс Есенберлиннің 100 жыл толуына орай)

Қазақ ұлтының мәңгілік елдігінің негізін қалап, ұлы ұранға біріктіру міндеті әлі алдымызда тұр. Елімізді бір сілкітпесті тастауға мүмкіндік беретін бұл үрдіс ұлт рухын асқақтата берері сөзсіз. Қайбір кездері қазақ мемлекеті жоқ деген алып-қашты әңгімелерге түрткі болып, көрші мелекеттің көзі аларта қарағанына да халқымыздың сағы сынбады. Олай дейтін себебіміз, алаштың арыстай азаматтары сондай қауіп ойлардың алдын алып отырды.

Солардың қатарында қазақтың маңдай алды азаматы, жазушы Ілияс Есенберлин бар болатын. Қоғам қайраткерінің алдындағы міндет – қазақ халқының тарихын нақты дерек арқылы баяндап беру еді. Көркем оқиға емес, көркем баяндалған фактілерді келтіру екенін ол жақсы түсінді.

Жыл сайынғы дәстүр ізімен «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша «Көкжиегі кең «Көшпенділер» тақырыбымен жаппай оқу үшін биыл Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романы таңдап алынды. Осыған орай халықтың мәдениетін жанымен түсінетін қазақ зиялылары бас қосқан еді.

Қазақ жұрты даму кезеңіне сай өз тарихын жасап отырды. Өткен ғасырлардағы бабаларымыздан бізге жеткен мәдени мұраларымыз да күні бүгінге дейін құндылығын жоғалтқан жоқ. Ұлы даламыздағы талай тарихтың куәсі болған қасиетті мекеніміз

осылайша дүниенің төрт бұрышын бағындырды. Ал, Қазақ хандығының мерейлі мерекесі халыққа не береді? Бұл жөнінде академик Ғарифолла Есім өз ойын былайша білдірді:

– Ілияс Есенберлин «Алмас қылыш» атты шығармасында қылышты неге алмасқа теңеді? Қылыш деп кімді меңзеді? Әрине, ұлы халқы қазақты алмас қылышпен теңестірді. Қылышты қынабына

Ал, актер Ерік Жолжақсынов:

– Бізге тарихымызды ұмытпауымыз керек. Кешегі ұрпақтың кім болып өткенін, қалай өмір сүргенін білу өте қажет. Сонау бір замандардағы батырларымыздың қайсысын алсақ та, суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын жалындап тұрған жандар болатын. Осының бәрі қазақ елінің батырлығын,

*Алтын Орда тұрған далада – жаңа
Қазақ Республикасы орнады...
Тікенектің орнына гүл шықты.*

І. Есенберлиннің «Алтын Орда» романынан

салмаса, қолды кесіп кетеді ғой. Сондай кезде қылышпен басқара білу де өнер. Алмас қылыштың қаһары, ызғары мен жанталасы қазақтың бойында тұтасып тұр. Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау – хандығымздың бір бөлшегі ғана. Ал, Алтын орда – мемлекеттің типі. Тек мемлекет қана емес, толықтай империя.

мықты екендігін байқатады. Жазушы Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясында соны көрсетеді, – деді.

Адамзат баласы қанша жыл өтсе де өз идеясы арқылы өмір сүріп келеді. Елдің тарихи сана сезімінің қалыптасуы кей жағдайларда соған байланысты болып жатады. І. Есенберлиннің ұлттық тәуелсіздік үшін

ерлікпен күрескен қазақ халқының жүзеге асқан арманы «Көшпенділер» кітабында жан-жақты баяндалады.

Келесі сөз кезегін алған аса көрнекті ғалым, профессор, тарих ғылымдарының докторы Болат Кумеков:

– І.Есенберлин тарихи тұлға, дарынды жазушы, талантты азамат. Ол кісінің қолынан 17 роман шыққан. Тарихи жанрға қазақ болмысын алып келді. Сол себептен шығармаларының құндылығы бүгінге дейін өшкен жоқ, – деді.

Ал, Наурызбай, Қобыланды, Бөгенбай батырлар, Төле би, Асанқайғы, Бұқар жырау сынды даналарымыздың елі үшін қаншама еңбектенген, бар күштерін салғанын трилогияны оқып отырып, тамсанасың. Әбілқайыр мен Абылай, Кенесары хандар жайлы әңгіме қозғау өз алдына бөлек шаруа. Хан демекші, бәрін айтп та, бірін айт Кенесары ханды айт. Келелі бас қосуда әңгіменің кезегі Кенесары ханның басын қайтаруға байланысты болды. Бұл жөнінде жазушы, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай өз мәлімдемесін жасады.

– 2000 жылы Кенесары ханның бас-сүйегін табу жөнінде мемлекет арнайы комиисия құрып, Ресей еліне іс-сапарға аттандық. Көрші мемлекет жеріндегі 65 мекеменің барлығын көзімізбен көріп, тексеруден өткіздік. Кунсткамера музейіндегі 18 мың бас-сүйектің 1200-і қазақтарға тиесілі екен. Атақты Кейкі батырдың бас-сүйегі де сонда жатыр. Бірақ, Кунсткамерада Кенесары ханның басы жоқ болып шықты. Эрмитаж

музейінен де табылмады. Әскери лабораториядағы 3200 бас-сүйектерді де көрдік. Ресейдің патшасы Николайдың бас-сүйегі жатқан лабораторияда 750-дей бас-сүйек орналастырылыпты. Бұл лаборатория құпия түрде қалды. Ал, 38550 бас-сүйектің 33 мыңын тексере алғанымызбен, қалған 5550 бас-сүйек қаралмады. Шешімі күрделі бұндай мәселелерге екі ел президенттерінің немесе КГБ қызметкерлерінің, қауіпсіздік комитеттерінің өзара келісімдері керек. Тағы бір айта кететін жайт, егер Кенесары ханның бас-сүйегі Қостанайдан,

Самарханнан табылып жатса таң қалмауымыз керек.

Қоғам қайраткері Тұрсын Жұртбайдың мына жауабына орай редакция атынан сауалымызды да қойдық.

– Қазір біз Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауды қолға алып отырмыз. Бұл тамаша мүмкіндік. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Кенесары ханның басын қайтару мәселесін неге қайтадан көтермеске? Жылдың аяқталуына 7 айдай уақыт бар. Осы жеті ай ішінде қандай да бір мәселені шешу мүмкін бола ма?

Тұрсын Жұртбайдың жауабы:

– Бұл мәселені шешу

мүмкін бола ма, жоқ па? Мен оны білмеймін. Жоғарыда айтып өткенімдей, ғылыми-зерттеудің қорытындысы мемлекет басшысына, КГБ және қауіпсіздік комитетінің қызметкерлеріне, Қорғаныс министрлігіне жеткізілді. Қазір Кенесарының бас-сүйегін жан-жақтан іздестіріп, табылды дейтіндер көбейді. Бұл ақпарат шындыққа жанаспайды. Осыдан бірнеше күн бұрын Кенесары ханның басы табылды, берілмей жатыр деген әңгіме де шықты. Бұны естіген зиялы қауымның біршамасы Мәскеуге барып келді. Еш нәтиже болмады. Менің ойымша, бұл мәселе Ресей президенті В.Путин тұрғанда шешілмейді. Себебі, 2001 жылы Ресейдегі Кунсткамера, Эрмитаж, әскери лабораторияларға және т.б. музейлерге жабық бұйрық берілді. Яғни, жабық кешен ретінде қалды. Енді қайтадан барып көру мүмкін бе, мүмкін емес пе? Белгісіз... Ашығын айтайын, молдавандар, түрікмендер, грузиндер өздерінің хандарының бас-сүйегін қайтарып алды. Ханының бас-сүйегін қайтарып алған ел Тәуелсіздігін қайтарып алды деген сөз.

PS. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының тағдырында ұлы халықтың идеясы жатты. Сол идеяға жан бітірген әрине автордың өзі болатын. Жыл кітабы ретінде таңдалған аталмыш оқулық қалың жұртшылықтың қолы жететін игілігіне айналса екен дейміз.

Әсем САҒИДОЛЛА

ҚАСИЕТТІ МЕКЕН ОТПАНТАУ

Отпантау тарихи-мәдени кешені жайлы көп айтылып жүр. Себебі, киелі Маңғыстау өңірінде орналасқан мәдени кешен 2007 жылдың күз айынан бері жұмыс жасап келеді. 2004 жылдан бастап жоспарға іліккен кешенге түрлі байқаулар жарияланып, соңында он екі құлпытасты қос күмбезбен және алтынмен көмкерілген мәдени кешен, яғни мәдени аймақ пайда болды.

Үш құлпытастың ортаңғы жағына қарай «Адай ата» деген сөз жазылды. Отпантау кесенесіне кіргісі келген адам бірден екі есікке тап болады. Сол себептен де «қасиетті қос босаға» деген атау берілді. Ал, күмбезді көтеріп тұрған құлпытастарға Адай руынан шыққан азаматтардың

есімі жазылса, ішкі бетіне алтын әріппен Адай ұрпақтарының аты мен рулық шежірелері таңбаланған.

Кіреберістегі он екі қанат керегелер биік мұнараларға бекітіліп, гранитпен қапталған. Адай туралы дерек-жазбалар да осы керегелерге ойып түсірілген екен. Кесененің диаметрі 7 м, биіктігі 13 м. Кесенеде және оның шығысындағы төбе басында көк бөрілер мүсіні орнатылған.

Елімізде Наурыз мерекесін бірінші болып тойлайтын Маңғыстау жұртшылығы осы Отпантау кешенінде бас қосады. Бұл күнді олар

**Отпантау
мерекесін
тойлауға
келген қауымға
Қазақстанның
халық жазушысы,
мемлекет
және қоғам
қайраткері Әбіш
Кекілбаевтың
құттықтауы
жеткізілді.**

Жылма жылғы бірінші амалды үлкен үміттен қуана қарсы алатын қымбатты жерлестерімді сүйікті мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Құдайға шүкір, өткен жылға өкпеміз жоқ. Жаңа жылдан күтеріміз көп. Буыны бекіп, бұғанасы қатайған тәуелсіздігіміздің алға аттаған әрбір адымы халқымыздың көңілінен шығып, мерейіне мерей қосып келеді. Үйімізде қуаныш, елімізде бірінен-бірі асқан мерекелер көбеюде. Солардың ойдағыдай өтулеріне Маңғыстаулықтардың қосқан үлесі де ерекше мол болып, алған жүлделері абыройларын асыра түскен.

Отпантаудағы Адай ата кешеніндегі ұлы жиынға кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен шақырылған белгілі де беделді қоғамтанушы, замантанушы, ұлттанушы, рухтанушы, тарихтанушы, өнертанушы ғалымдар мен руханият қайраткерлеріне дұғай-дұғай сәлем жолдаймын.

Бүгін сіздер ашқалы отырған киелі Мұнал ата жиынханасында бұдан былай үзбей өтіп тұратын басқосулар мен келелі кеңестер елдігіміздің асқақтай түсуіне, мызғымас бірлігіміздің одан әрі нығая беруіне, өңір мен өңір арасындағы жан-жақты достық қарым-қатынастардың барған сайын кең өріс табуына игілікті қызмет етпей! Баршаңызға қуаныш, бақыт, табыстар тілеймін!

Зор құрметпен, Әбіш Кекілбайұлы

Амал мерекесі деп атайды. Яғни, Амал-көрісу күні осы кезде басталады. Алыс-жақыннан келген қонақтар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, төс қағыстырады, бір-бірімен көріседі. Отпан таудың басында «Бірлік оты» тұтанады.

Ұлыстың ұлы күнін тойлауға келген Маңғыстау жұртшылығы мен қонақтарын облыс әкімі Алик Айдарбаев құттықтады.

– Көктем мерекесі Наурыз мейрамымен барлықтарыңызды құттықтаймын. Аталмыш мереке барша қазақстандықтар үшін береке мен бірліктің нышанына айналды. Бүгін жай ғана мереке емес, қасиетті жаңару мерекесі. Бірлік пен бір-біріне көмек беру тарихы мен дәстүрі байланысқан көпұлтты халық үшін зор мағына береді. Сондықтан сіздерге бұрынғы бабалардың дәстүрімен Амал оң болсын, ақ мол болсын, Қыдыр ата жолдас болып, қайда барсаң жол болсын дегім келеді.

Айта кету керек, 14 наурыз күні «Қарашаңырақ» мәдени кешені ашылып, онда ырыс пен құттың басы саналатын Тайқазан әкелді. Сондай-ақ, кешенде ірі мәдени шараларды өткізуге арналған 500 орындық амфитеатр ашу көзделіп отыр.

Мереке барысында театрландырылған қойылым көрсетіліп, облыстың көркемөнерпаздары келген жұртшылыққа арнап үлкен концерт берді.

Аслан ЕСЕН

В МАНГИСТАУ НА ГОРЕ ОТПАНТАУ ОТПРАЗДНОВАЛИ АМАЛ

Раньше огонь служил предупреждением о надвигающейся опасности. Эта традиция несет в себе духовно-нравственный смысл – отдать дань памяти предкам, ставивших выше своей жизни согласие и единство народа. Церемония сопровождалась концертом и открытием культурного комплекса «Қарашанырақ», где хранится «Тайқазан» – символ достатка и благополучия народа. Он также располагает амфитеатром на 500 посадочных мест для проведения масштабных культурных мероприятий.

На церемонию прибыли жители не только области, но и Казахстана, а также верующие из других стран.

Казахстанцев поздравил с Наурызом аким Мангыстауской области Алик Айдарбаев.

– Искренне поздравляю Вас с наступающим весенним праздником Наурыз мейрамы! Для всех казахстанцев Наурыз уже давно стал общенародным и любимым праздником весеннего торжества любви, плодородия и единства. Сегодня, в непростое для всего мира время, этот светлый праздник обновления, единства и взаимопомощи имеет особое значение для многонационального народа нашей республики, объединенного общей историей и традициями.

Первыми в стране приступили к празднованию Наурыза по древним казахским обычаям жители Мангыстауской области. Амал здесь начался 14 марта и празднуют его здесь по-особенному. Жители собираются у священного места Адай ата, что находится на горной гряде Каратау, на самой его высокой вершине Отпантау, где в ночь с 13 на 14 марта производится церемония разжигания священного огня – символа единства всех казахстанцев, который здесь видно со всех концов полуострова.

Наш общий дом – Казахстан и 17 миллионов его граждан, представителей разных национальностей и есть Ассамблея в масштабе страны, где в одинаковой степени наблюдательно и чутко пестуются духовные и культурные ценности каждого, независимо от национальности и вероисповедания. Этот год отмечен исторически важными датами для всех казахстанцев: 70-летие Великой Победы, 20-летие Конституции Республики Казахстан, 20-летие Ассамблеи народа Казахстана. Каждый житель области должен

понимать, что благодаря подвигу наших аксакалов, неустанной работе наших предков мы выросли в мирное время. Сбереечь толерантность, единство и согласие – главное наше достояние, которое мы передадим нашим внукам. Дорогие земляки! Примите самые искренние поздравления с праздником обновления и торжества жизни Наурыз мейрамы! Пусть Наурыз принесет в наши дома добро и мир, достаток и благополучие, здоровье и взаимопонимание, – резюмировал глава региона.

Продолжился праздник традицией «Көрісу», обязательны рукопожатия, объятия и теплые пожелания. В эти дни надо постучаться в двери как можно больше юрт. Казахи верили, что это принесет счастье и исполнение всех желаний, отмечают мангыстауцы.

Диляра
СЕЙДАХМЕТОВА

Маңғыстау облысы

Маңғыстау облысы Мәдениет басқармасының
басшысы Бекбол Базарбаев

КИЕЛІ ӨҢІР – СИҢЫРЛЫ МӘДЕНИЕТ

Дархан далаға сән берген Маңғыстау өңірінің мәдениетін көз көріп, құлақ естігендер барынша қазыналы да бай екендіктерін жасырмайды. Тек бір кездері әлдеқалай себептермен жабық қала ретінде саналған мекеннің мәдениетін біршама жоққа шығарғандары болмаса...

Мемлекеттің игілігі үшін қолдау тапқан киелі өңірдің бүгінгі мәдениеті жайлы қанша айтсақ та аздық етпейді. Біздің редакция журналымыздың бір жыл толуына орай республика өңірлеріне іс-сапарға шығуды бастап кеткен болатын. Ең бірінші болып ат басын осы Маңғыстау өңіріне бұрған еді.

Соңғы жылдары аймақтың мәдени жұмыстары біршама ширақталған. Қол жеткізген табыстары да жоқ емес. Осы және басқа мәселелер төңірегінде біз Маңғыстау облысы Мәдениет басқармасының басшысы Бекбол Таңатарұлы Базарбаевпен жолығып, сұхбат құрған едік.

– Бекбол Таңатарұлы, Маңғыстау облысының мәдениеті барынша бай өлкелердің қатарында екенін білеміз. Қазіргі таңдағы өңірдің мәдени өмірі мен тыныс-тіршілігінде нендей өзгерістер болып жатыр?

– Сексенінші жылдардағы Маңғыстау өңірінің тарихына көз тастасаңыз, Ақтау өңірінде ешбір мәдени мекемелер жоқ болғанынан хабардар боласыз. Оның бір себебі, Ақтау қаласының жабық қала ретінде саналуы еді. Ал, тәуелсіздігіміздің арқасында мәдени мекемелер кейіннен ашыла бастады.

Маңғыстау облысы бойынша жүзден аса мәдени мекеме тіркелген. Соңғы жылдары мемлекетіміздің қолдауының арқасында облыс мәдениетін дамытуға екі есе қаржы бөлінді.

Елбасының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын ескере отырып, жақында Баку қаласында гастролдік сапарда болып қайттық. Аталмыш мемлекеттің филармониясымен бірлесе отырып, көрермендерге концерттік қойылым ұсынылды. Одан бөлек өздеріңіз білесіздер, Ұлы жеңістің 70 жылдығы мен Конституцияның 20 жылдығына байланысты және облыстық іс-шаралар

да жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Жаз айында Астана қаласында Маңғыстау облысының мәдениет күндерін өткізу жоспарда бар.

Облысымыздың мәдениетін асқақтатуда еңбегі сіңген Серікзат Шахадов, Рахат Мадреев, Жоламан Көшкінов, Ақсұлу Құдабаева, Асқар Көшеров және т.б. адамдардың есімдерін ерекше атай аламын.

– Жаңадан бой көтерген мәдени нысандар пайдалануға берілді ме? Облыстың мәдени

жетістіктері жайлы тағы не айтасыз?

– Иә, өткен жылы көптеген мәдени нысандар ашылды. Іске қосылған нысандардан Маңғыстау ауданы Шебір селосындағы 200 орындық селолық клубының және Түпқараған ауданы Таушық ауылындағы 200 орындық селолық мәдениет үйінің жаңа ғимаратын

айтпай кетпесек болмас. М.Өскінбаев атындағы облыстық филармониядан кәсіби би ұжымы ашылды.

Ал, биыл іске қосылатын жаңа нысандардың қатарында Маңғыстау аудандарындағы Шетпе селосындағы мемориалдық мұражай ғимараты салынып, Отпан тау маңындағы Ақсарай ғимаратының айналасына жауын-шашын дәлізінің құрылысы жүргізілмек. Отпан тау маңындағы үш бөлмелі екі пәтерлі тұрғын үйдің, автотұрақ, киіз үй құруға арналған және стационарлы сахна құруға арналған

жер орнының құрылысы жүргізіледі. Жаңаөзен қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы ғимараты мен Рахат поселкесіндегі 300 орындық пен Ақшымұрау аулындағы 200 орындық мәдениет үйлерінің, сондай-ақ, Қарақия ауданы Құрық селосындағы 100 мың бірлік кітап қорын сақтауға арналған кітапхана

құрылысы жүргізілмек.

Былтыр Қуыршақ театры ұжымы Молдова Республикасының Кишинев қаласында өткен VIII Халықаралық «Гугуцэ» қуыршақ театрлары фестиваліне қатысып, үздік деп танылып, «Ең үздік менеджер», «Ең үздік режиссер, «Ең үздік ер актер» номинацияларын жеңіп алды. Сондай-ақ, «Ұлы дала сазы» Халықаралық фестиваліне дәстүрлі әнші Айнұр Омарова қатысып, кәсіби шеберлігі мен қол жеткізген шығармашылық табыстары үшін арнайы дипломмен марапатталды. Ал, Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театр ұжымы Орта Азия мемлекеттерінің V халықаралық фестиваліне қатысып, Маңғыстау облысы әкімінің 1 млн. теңге көлеміндегі арнайы сыйлығына ие болды. Бұл біздің соңғы жылдарда қол жеткізген табыстарымыз десек те болады.

Тағы бір айта кететін жайт, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасы тізімдеріне «Киіз үйді жасаудың дәстүрлі білімдері мен дағдылары» номинациясы енгізілген болатын.

Алматы қаласында ҚР еңбек сіңірген әртісі, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының құрметті профессоры Роза Айдарбаеваның шығармашылық кеші мен Мәдениет саласының үздігі С.Сариев жетекшілік ететін «Жорға» халықтық би ансамблінің есептік концерті өткізілді. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясының ұйымдастырумен Өскемен қаласында өткізілген республикалық ақындар айтысында ақын Нұрлан Мұсаев 2-орынды иеленді.

Украин халық жазушысы Т.Г.Шевченконың 200 жылдық мерейтойына орай Халықаралық конференция өткізіліп, оған Украинадан, Татарстаннан, Қазақстаннан

Шевченкотанушы ғалымдар қатысты. Бұл басқосуда Тарас Шевченконың әлемдік және қазақстандық мәдениетке қосқан үлесіне баса назар аударылды. Тарас Шевченконың есімі мәдениет бірліктігін, ана тілге құрмет, ұлттық дәстүрді қадірлеу, әділетсіздікке қарсы күрес, өмірге деген жігер мен рухани тұрақтылықтың белгісі іспеттес екенін атап көрсетті.

Әлемнің он төрт мемлекетінен қатысқан Ашхабад қаласындағы «Бақыт дәуірінің театралдық өнері» атты II Халықаралық театр фестивалінде облыстық музыкалық драма театры М.Әуезов пен С.Цвейктің «Зілзала (Цунами)» (эссе) спектаклімен өз өнерлерін көрсетті.

Сонымен қатар, Астана күніне орай ашылған елордадағы ҚР Ұлттық музейіне демеушілер арқылы киіз үй мен экспонаттар берілді.

Мұрын Сеңгірбекұлының 155 жылдығы мен Сүгір Бегендікұлының 120 жылдығына арнайы ұйымдастырылған «Түп-төркінін төрге оздырған Маңғыстау» атты этнографиялық күндерді атап өту үшін біршама мәдени шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, «Айна» халықтық этнографиялық ұжымы, «Қызғалдақтар» би ансамбльдерінің концерттік бағдарламасы ұсынылды. Сондай-ақ,

облыстық ақсақалдар байқауы, Мұнайлы ауданы халықтық ұлт-аспаптар оркестрі мен «Ақжелең» фольклорлық ансамблінің концерті де тамашаланды. Сүгір Бегендікұлының 120 жылдығына арналған аймақтық жыршы – жыраулар байқауы, М.Сеңгірбекұлының 155, С.Бегендікұлының 120, М.Әскінбайұлының 110 жылдығына арналған аймақтық ақындар айтысы да өткізілді.

Облыс көлеміндегі аудандық мәдениет үйлері арасында Облыстық «Үздік аудандық мәдениет үйі» байқауы да жыл сайын өткізу дәстүрге айналған.

– Түсінікті. Бір облыстың мәдени басшысы ретінде жеке ой-пікіріңізді білсем деймін. Мәдениет не себептен ақсап қалып жатады?

– Қайсыбір мемлекет қызметкерін алсаңыз да, әлеуметтік жағдайларына алаңдамай қоймайды. Соның ішінде пәтер алу мәселесі бірінші кезекте тұрады. Реті келгенше қызметкерлерімізді пәтер мәселесімен жабдықтау жағын қарастырып отырамыз. Мәдени мекеме қызметкерлері үшін арнайы жер телімдерін бөліп, үй салып беру мәселесін бір жақты қылу жоспарда тұр. Оның үстіне жалақылары көбейсе, өнерпаздарымыздың әлеуметтік-тұрмыс

деңгейлері біршама жақсарып қалады деген ойдамын.

Міне, әлеуметтік жағдай түзелмейінше, өнер шыңға шығады дегенге мен еш сенбеймін. Сонда ғана Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев сынды таланттарды сахнаға шығаруға болады.

– Сіздің облысыңызда мәдениеттің дамуына кедергі келтіріп отырған қандай да бір мәселелер орын алып отыр ма?

– Өзекті мәселелер ретінде айта кетейін, тұрғындар саны көп Мұнайлы ауданның елді-мекендерінде ешқандай мәдениет үйлері жоқ. 2011-2015 жылдарға арналған Маңғыстау облысының аймақтарды дамыту бағдарламасына енген Мұнайлы ауданы бойынша Маңғыстау селосындағы 500 орындық, Дәулет, Атамекен және Басқұдық ауылдарындағы 200 орындық мәдениет үйінің

құрылыстарын жүргізу жоспарға ілінген болатын. Алайда, бүгінгі күнге дейін аталмыш жұмыстарды жасауға қаражат бөлінбей, қолбайлау болып отыр.

– А л д а қ а н д а й жоспарлар бар?

– 2015 жылға біршама жоспарлар жүзеге асырылады. Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театрының Астана қаласына және Қуыршақ театрының Атырау қаласына гастрольдік сапарлары жоспарланған. Павлодар облысындағы Маңғыстау облысы мәдениеті мен өнерінің апталығы, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай облыстық ақындар айтысы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына «Маңғыстау жұлдыздары» облыстық өнер фестивалі, облыстық «Жеңіс жаңғырығы» ән байқауы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына орай «Қазақстан ортақ үйіміз» атты ұлттық мәдени орталықтар байқауы, сондай-ақ, Маңғыстау облысының Астана қаласындағы өнер күндері, Боздақ Рзаханов атындағы ІІ республикалық «Сикырлы таяқша» дирижерлар байқауы, Есір Айшуақұлының 175 жылдығына арналған республикалық күйшілер байқауы және т.б.

– Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан
Әсем САФИҚЫЗЫ**

